ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2021 жылғы 1 қазан № 255/8

Павлодар қаласы

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Павлодар облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 12-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-бабы 3) тармақшасына, 125-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» № ҚР ДСМ - 133/2020 бұйрығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Павлодар облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Павлодар облыстық фтизиопульмонология орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

2. «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

заңды тұлғаның аумақтық әділет органында мемлекеттік қайта тіркелуін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. «Павлодар облысының қаржы басқармасы» ММ заңнамамен белгіленген тәртіпте кәсіпорынның жарғысын бекітуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. А. Құрмановаға жүктелсін.

Облыс әкімі **Ә. Скақов**

017085

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

1 октября 2021 года № 255/8

город Павлодар

О переименовании коммунального государственного казенного предприятия «Павлодарский областной противотуберкулезный диспансер» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области

В соответствии со статьей 42 Гражданского кодекса Республики Казахстан, пунктом 2 статьи 12 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», подпунктом 2) пункта 1 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 3) статьи 17, статьей 125 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 15 октября 2020 года № ҚР ДСМ - 133/2020 «Об утверждении государственного норматива сети организаций здравоохранения» акимат Павлодарской области ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Переименовать коммунальное государственное казенное предприятие «Павлодарский областной противотуберкулезный диспансер» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области в коммунальное государственное казенное предприятие «Павлодарский областной центр фтизиопульмонологии» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

2. Государственному учреждению (далее – ГУ) «Управление здравоохранения Павлодарской области» в установленном законодательством порядке обеспечить:

государственную перерегистрацию юридического лица в территориальном органе юстиции;

принятие иных необходимых мер, вытекающих из настоящего постановления.

3. ГУ «Управление финансов Павлодарской области» в установленном законодательством порядке обеспечить утверждение устава предприятия.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Курманову А.А.

Аким области **А. Скаков**

017062